

Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі мен және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасында азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 28 қараша N 1772

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі мен және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасында азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісім жасалсын.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі,  
Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі мен  
және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасында азаматтардың  
өзара визасыз сапарлары туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі мен және Тәжікстан Республикасының Үкіметі,

Тараптар мемлекеттері арасындағы достық, ізгі көршілік қатынастарды

дамытуды, экономикалық, сауда-саттық, ғылыми-техникалық, мәдени және өзге де байланыстарды нығайтуды мақсат тұта отырып,

Тараптар мемлекеттері арасындағы интеграциялық байланыстарды одан әрі нығайту үшін қажетті шаралар қабылдауға қатысты өзара мұдделілікті негізге ала отырып,

Тараптар мемлекеттерінің аумақтары бойынша азаматтардың өзара сапарларының шарттарын барынша женілдету тілегін басшылыққа ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тұрғылықты жеріне қарамастан Тараптар мемлекеттерінің азаматтары осы Келісімнің NN 1,2,3,4 және 5 қосымшаларында көрсетілген қолданыстағы құжаттардың бірі бойынша Тараптар мемлекеттерінің аумақтарына визасыз келуге, кетуге, транзитпен өтуге, жүріп-тұруға және онда болуға құқылы.

Тараптар осы Келісімге қол қойғаннан кейін осы Келісімнің NN 1,2,3,4 және 5 қосымшаларында санамаланған құжаттардың үлгілерін дипломатиялық арналар бойынша кідіріссіз алмасады.

2 - б а п

Тараптар мемлекеттерінің азаматтары халықаралық қатынас үшін ашылған өткізу пункттері арқылы Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысының аумағына келе алады және о с ы а у м а қ т а н к е т е а л а д ы .

Тараптар осы Келісімге қатысушы мемлекеттер азаматтарының жүріп-тұруы үшін ашылған өткізу пункттерінің тізімдерін дипломатиялық арналар бойынша алмасады.

3 - б а п

Тараптар шекараны кесіп өту құқығына арналған қолданыстағы және Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес ресімделген құжаттары бар Тараптар мемлекеттері азаматтарын халықаралық қатынас үшін ашылған өткізу пункттерінде үшінші мемлекеттерге өткізуге міндеттенеді және Тараптар мемлекеттерінің құзіретті органдары келуіне тыйым салған адамдардың үшінші мемлекетке өтуіне жол бермеу үшін шаралар қабылдайтын болады.

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың төтенше жағдайларда, атап айтқанда, олардың қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне немесе халықтың денсаулығын сақтауға қауіп төндіретін жағдайларда өздерінің шекаралары мен аумақтарын қорғау жөнінде ерекше шаралар қолданатын құқықтарына ықпал етпейді. Мұндай жағдайда мұдделі Тарап Тараптар мемлекеттері азаматтарының келуіне, кетуіне, болуына, жүріп-тұруына және транзиттік жол жүруіне қатысты уақытша шектеу енгізуі мүмкін, атап ған шектеулер қолданысқа енгізілерден 78 сағат бұрын бұл туралы қалған Тараптар дипломатиялық арналар бойынша хабарланады.

Тараптар осы Келісімнің ережелерін қолдану саласына қатысты мәселелер бойынша, оның ішінде құжаттарды иеленушілердің жеке басын куәландыратын және азаматтығын растайтын қолданыстағы құжаттар туралы, оларды беру мен пайдаланудың тәртібіндегі өзгерістер туралы, Тараптар мемлекеттері аумақтарында шетел азаматтарының болуының ережелері туралы, сондай-ақ тиісті зандық және өзге де нормативтік-құқықтық актілер туралы бір-біріне тұрақты тұрде хабарлайды.

Жаңа құжаттар енгізілген немесе осы Келісімнің NN 1,2,3,4 және 5 қосымшаларында атап ған құжаттарға өзгерістер енгізілген жағдайда Тараптар оларды қолданысқа енгізерден 30 күн бұрын дипломатиялық арналар бойынша олардың үлгілерімен алмасатын болады.

## 6-бап

Осы Келісімнің ережелерін немесе Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында болу ережелерін бұзған Тараптар мемлекеттерінің азаматтары аумағында зансыздық жасалған Тарап мемлекетінің заннамасына сәйкес жауапты болады.

## 7-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын х а т т а м а л а р м е н р е с і м д е л е д і .

Осы Келісім белгіленбекен мерзімге жасалады.

Әрбір Тарап депозитарий болып табылатын Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қыргыз Республикасының, Ресей Федерациясының және Тәжікстан Республикасының Интеграциялық Комитетіне шығатын күнінен 90 күн бұрын өзінің Келісімнен шығу ниеті туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы  
 Келісімнен шыға алады.

Осы Келісім, егер Тараптардың бірі Келісімге қатысуышылардың біріне

немесе бірнешеуіне қатысты келісімде мазмұндалатынынан ерекшеленетін азаматтардың сапарлары режиміне көшуді қажет деп тапса, оның осындай құқығын шектемейді. Мұндай жағдайда қалған Тараптар қабылданған шешім туралы хабарламаны дипломатиялық арналар бойынша алған кезден бастап 30 күн ішінде Келісім бойынша олардың міндеттемелері қандай деңгейде орындалатындығын шешу үшін консультациялар өткізеді.

#### 9-бап

Осы Келісім барлық Тараптардың келісімімен кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашиқ.

#### 10-бап

Осы Келісім қол қойылған кезден бастап уақытша қолданылады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама депозитарийге түсken күннен бастап күшіне енеді.

---

қаласында 2000 жылғы " "

---

беларусь, қазақ, қыргыз, орыс және тәжік тілдерінде бір түпнұсқа данадан жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мақсаттары үшін орыс тіліндегі мәтін пайдаланылады.

Осы Келісімнің түпнұсқа данасы Интеграциялық Комитетте сақталады, ол

осы Келісімге қол қойған мемлекеттерге оның күәландырылған көшірмелерін жібереді.

Беларусь Республикасының Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының Үкіметі,

Қазақстан Республикасының Үкіметі,  
Қырғыз Республикасының Үкіметі,  
Ресей Федерациясының Үкіметі және  
Тәжікстан Республикасының Үкіметі<sup>1</sup>  
арасындағы азаматтардың өзара  
визасыз сапарлары туралы келісім  
жобасының N 1 қосымшасы

## БЕЛАРУСЬ РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ

### ТІЗБЕСІ

1. Беларусь Республикасы азаматының 1993 жылғы ұлгідегі паспорты.
2. Беларусь Республикасы азаматының 1996 жылғы ұлгідегі паспорты.
3. Беларусь Республикасының азаматтығына қатыстылығы туралы белгісі бар, 1974 жылғы ұлгідегі КСРО азаматының қолданыстағы паспорты.
4. Шетелге жол журу үшін белгіленген тәртіппен ресімделген КСРО-ның шетелдік паспорты.

5. Дипломаттық паспорт.
6. Қызметтік паспорт.
7. Тууы туралы күелік (16 жасқа толмаған балалар үшін).
8. Иссапар немесе демалыс күелігі (нұсқамасы) болған жағдайда жеке күелігі, міндettі әскери қызметтің өткөріп жатқан әскери қызметкердің әскери билеті.
9. Теңізшінің жеке басының ұлттық күелігі (кеме журналында жазбасы немесе одан көшірмесі болған жағдайда).
10. Теміржол көлігі қызметкерінің жеке күелігі (поезд бригадасы құрамындағы жол жүруі кезінде).
11. Әуе кемесі экипажы мүшесінің ұшу күелігі (ұшу тапсырмасында жазба болған жағдайда).
12. Беларусь Республикасына оралуға арналған күелік (Беларусь Республикасына оралу үшін ғана).

Беларусь Республикасының Үкіметі,

Қазақстан Республикасының Үкіметі,  
Қырғыз Республикасының Үкіметі,  
Ресей Федерациясының Үкіметі және  
Тәжікстан Республикасының Үкіметі

- арасындағы азаматтардың өзара
- визасыз сапарлары туралы келісім
- жобасының N 2 қосымшасы

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ

### ТІЗБЕСІ

1. Қазақстан Республикасы азаматының паспорты.
2. Қазақстан Республикасының қызметтік паспорты.
3. Қазақстан Республикасының дипломаттық паспорты.

4. Қазақстан Республикасы азаматының күәлігі.
5. Қазақстан Республикасы азаматының уақытша жеке күәлігі.(УК)
6. Тууы туралы күәлік (16 жасқа толмаған балалар үшін).
7. Қазақстан Республикасына оралуға арналған күәлік.
8. Теңізшінің паспорты (кеме журналында жазбасы немесе одан көшірмесі болған жағдайда).
9. Әуе кемесі екипажы мүшесінің ұшу күәлігі (ұшу тапсырмасында жазба болған жағдайда).
10. Теміржол көлігі қызметкерінің жеке күәлігі (поезд бригадасы құрамындағы жол жүруі кезінде).
11. Іссапар немесе демалыс күәлігі (нұсқамасы) болған жағдайда жеке күәлігі, міндettі әскери қызметтің өткөріп жатқан әскери қызметкердің әскери билеті.

Беларусь Республикасының Үкіметі,

Қазақстан Республикасының Үкіметі,  
Қырғыз Республикасының Үкіметі,  
Ресей Федерациясының Үкіметі және  
Тәжікстан Республикасының Үкіметі

- арасындағы азаматтардың өзара
- визасыз сапарлары туралы келісім
- жобасының N 3 қосымшасы

## ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ

### ТІЗБЕСІ

1. Қырғыз Республикасы азаматының паспорты.
2. 2003 жылғы 1 қантарға дейін Қырғыз Республикасының азаматтығы туралы белгісі бар 1974 жылғы үлгідегі КСРО паспорты.
3. Қырғыз Республикасының дипломаттық паспорты.
4. Қырғыз Республикасының қызметтік паспорты.
5. Тууы туралы күәлік (16 жасқа толмаған балалар үшін).

6. Қырғыз Республикасына оралуға арналған күәлік.
7. Иссапар немесе демалыс күәлігі (нұсқамасы) болған жағдайда жеке күәлігі, міндетті өскери қызметтің өткеріп жатқан өскери қызметкердің өскери билеті.
8. Әуе кемесі экипажы мүшесінің үшу күәлігі (үшу тапсырмасында жазба болған жағдайда).
9. Теміржол көлігі қызметкерінің жеке күәлігі (поезд бригадасы құрамындағы жол жүруі кезінде).
10. Тенізшінің паспорты (кеме журналында жазбасы немесе одан көшірмесі болған жағдайда).

Беларусь Республикасының Үкіметі,

Қазақстан Республикасының Үкіметі,  
Қырғыз Республикасының Үкіметі,  
Ресей Федерациясының Үкіметі және  
Тәжікстан Республикасының Үкіметі  
арасындағы азаматтардың өзара  
визасыз сапарлары туралы келісім  
жобасының N 4 қосымшасы

## РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ

### ТІЗБЕСІ

1. Ресей Федерациясының азаматтығы туралы жапсырмасы, анықтамасы (белгісі) немесе Ресей азаматтығына қатыстылығы туралы мәтіні немесе 1992 жылғы 6 ақпандағы жәй-күйі бойынша Ресей Федерациясының аумағында тіркелгендігі (тұрақты тіркелгендігі) туралы мөртабаны бар КСРО азаматының паспорты.
2. Ресей Федерациясы азаматының паспорты.
3. Ресей Федерациясы азаматының уақытша жеке күәлігі.
4. Тууы туралы күәлік (14 жасқа толмаған балалар үшін).
5. Иссапар немесе демалыс күәлігі (нұсқамасы) болған жағдайда жеке

куәлігі, міндетті әскери қызметін өткөріп жатқан әскери қызметкердің әскери билеті.

6. Дипломаттық паспорт.
7. Қызметтік паспорт.
8. Шетелдік паспорт (Ресей Федерациясының символикасы бар).
9. Ресей Федерациясының азаматтығы туралы жазбасы немесе белгісі бар КСРО символикасы бейнеленген жалпы азаматтық шетелдік паспорт.
10. Текізшінің паспорты (кеме журналында жазбасы немесе одан көшірмесі болған жағдайда).
11. Эуе кемесі екипажы мүшесінің үшу куәлігі (үшу тапсырмасында жазба болған жағдайда).
12. Теміржол көлігі қызметкерінің жеке куәлігі (поезд бригадасы құрамындағы жол жүруі кезінде).
13. Ресей Федерациясына оралуға арналған күәлік.

Беларусь Республикасының Үкіметі,

Қазақстан Республикасының Үкіметі,  
Қырғыз Республикасының Үкіметі,  
Ресей Федерациясының Үкіметі және  
Тәжікстан Республикасының Үкіметі

- арасындағы азаматтардың өзара
- визасыз сапарлары туралы келісім
- жобасының № 5 қосымшасы

## ТӘЖІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ Т I З Б Е С I

1. Тәжікстан Республикасының дипломаттық паспорты.
2. Тәжікстан Республикасының қызметтік паспорты.
3. Тәжікстан Республикасының шетелдік паспорты.
4. Тәжікстан Республикасының азаматының паспорты.
5. Тәжікстан Республикасының аумағында тіркелгендігі туралы белгісі бар (2001

жылғы 31 желтоқсанға дейін) 1974 жылғы үлгідегі КСРО азаматының паспорты.

6. Тәжікстан Республикасына оралу үшін ғана (2003 жылғы 1 сәуірге

дейін) 1998 жылғы 1 сәуірге дейін берілген, Тәжікстан Республикасының азаматтығы туралы жазбасы немесе белгісі бар КСРО үлгісіндегі дипломаттық, қызметтік және шетелдік паспорт.

7. Тууы туралы күөлік (16 жасқа толмаған балалар үшін).

8. Өве кемесі әкипажы мүшесінің ұшу күөлігі (ұшу тапсырмасында жазба болған жағдайда).

9. Теміржол көлігі қызметкерінің жеке күөлігі (поезд бригадасы құрамындағы жол жүруі кезінде).

10. Тәжікстан Республикасына оралуға арналған күөлік.

11. Іссапар немесе демалыс күөлігі (нұсқамасы) болған жағдайда жеке күөлігі, міндетті әскери қызметтің өткөріп жатқан әскери қызметкердің әскери билеті.

12. Теңізшінің паспорты (кеме журналында жазбасы немесе одан көшірмесі болған жағдайда).

Осы Келісімді жүзеге асыру қосымша қаржылық шығындарды қажет етпейді.

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.